

МКШ. Опорная школа в соответствии с Государственной программой развития образования на 2011–2020 г.г. превращается в ресурсный центр оказания МКШ необходимой помощи. Если ранее такое взаимодействие носило эпизодический характер, в основном в рамках работы методобъединений, то теперь должно стать планомерно организуемым, нацеленным на заботу о качественном образовании учащихся МКШ. В этом деле существенную помощь МКШ, думается, может оказать ППС кафедр нашего вуза на договорной основе, что имело место, как мы упоминали ранее.

Теоретические курсовые занятия с учителями МКШ чередуются с практическими. Проводятся тренинги, тематические семинары, встречи на курсах с опытными и творчески работающими учителями МКШ, консультации по использованию информационных технологий при проведении занятий, оказывается методическая помощь учителям с выездом в МКШ.

С целью повышения профессионального уровня учителей малокомплектных школ в соответствии с требованиями современного образования были проведены курсы по различной тематике: «Совершенствование профессиональной компетентности учителя малокомплектной школы», «Малокомплектная школа и ее обновление в контексте Государственной программы развития образования Республики Казахстан на 2011–2020 гг.». Данные курсы углубили и систематизировали знания учителей малокомплектных школ по организации целостного педагогического процесса и внедрению современных технологий обучения на занятиях. Учителя МКШ не только углубили знания по теории и технологии организации учебно-воспитательного процесса в малокомплектной школе, но и ознакомились с активными и интерактивными методами обучения, инновационными технологиями и особенностями их применения в условиях малокомплектных школ.

При проведении курсов для учителей МКШ был проведен «круглый стол» с участием доцента КГУ им.А. Байтурсынова Г.С. Беркеновой и доцента кафедры психологии КГПИ А.М. Сизоненко. Слушателям курса была представлена презентация деятельности Жамбылской МКШ, подготовленная директором данной школы В.А. Бурнаевой.

Деятельное участие в курсовых мероприятиях принимают преподаватели кафедр психологии, педагогики, практической лингвистики, опытные учителя, руководители школ, методисты и специалисты органов управления образованием.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 Малокомплектная школа: проблемы и перспективы. Сер. «Прикладные исследования в области образовательной политики // Авторский коллектив: Нурахметов Н.Н, Караев Ж.А. и др. – Алматы, 2002. – 44 с.

2 Алдамжар З.А., Сизоненко А.М. Малокомплектная школа и подготовка педагогических кадров. – Костанай, КГУ, 1997. – 206 с.

3 Социально-экономическая модернизация – главный вектор развития Казахстана (Седьмое направление): Послание Президента Республики Казахстан – Лидера Нации Н.А. Назарбаева народу Казахстана. – Астана, 2012.

4 Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011–2020 гг. // Казахстанская правда, 14 дек. 2010 г. С.10–12.

Түйін

Мақалада ҚМПИ жанындағы педагогикалық кадрларды қайта даярлау және біліктілікті арттыру орталығының базасында шағын комплектілі мектептер мұғалімдерінің кәсіби біліктілігін арттыру тәріздері қарастырылады.

Conclusion

The article is dedicated to the forms of raising professional qualification of the teachers of non – complete schools on the base of Regionat Centre of raising qualification of the pedagogical personnel which functions at KSPI.

ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ҚҰЗЫРЛЫҒЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Кушмурзина Д.Х.

Қазақстан Республикасы 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында білімге бағытталған мазмұнды құзыр-

лылықты, яғни нәтижеге бағдарланған білім мазмұнына алмастыру қажеттілігі көрсетілген.

Құзырлылық ұғымы «білім», «білік» және «дағды» (ББД) сияқты ұғымдарды қамтиды. Бірақ бұл ББД-ның жаңаша жай ғана жиынтығы емес. Құзырлылық оқыту нәтижесін (білім және білік) ғана емес, сонымен бірге ол оқушылардың шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі мен құндылық бағдарларының жүйесін де көрсетеді. Құзырлық – бұл алынған білімдер мен біліктерді іс жүзінде, күнделікті өмірде қандай да бір тәжірибелік және теориялық мәселелерді шешуге қолдана алу қабілеттілігі. Ол, ең әуелі мектептегі оқыту үрдісінде қалыптасады. Мектеп – қоғамның әлеуметтік институты. Сондықтан қай заманда, қай қоғамда болсын мектептегі білім мен тәрбие берудің мақсатын, ең алдымен, осы қоғамның мүддесінен туындайтын әлеуметтік сұраныс анықтайды.

Жастарға білім мен тәрбие берудің негізі болып саналатын жалпы білім беретін мектептердің педагогикалық үрдісін жақсарту бірінші кезектегі мәселе болса, бастауыш мектеп – негіздің негізгі түп қазығы.

Осыған байланысты эмоциялық, іскерлік, қарым-қатынастық және интеллектуалдық жағынан оқушыны айналадағы дүниемен (табиғатпен, басқа адамдармен, өз-өзімен, т.б.) өзара белсенді әрекеттік қарым-қатынасқа дайындау бастауыш мектептің негізгі қызметі болып табылады. Оқушының жалпы және психологиялық дамуының бұл сияқты жеткілікті деңгейіне қол жеткізу үшін бастауыш мектептегі білім берудің мақсат приоритеті, ең алдымен, оқушы дамуы мен тәрбиесіне беріледі, білім, білік, дағды осыған қызмет етеді.

Сондықтан білім берудің басты міндеттері:

- оқушының өзін қоршаған, өмір сүретін жаңа табиғи және әлеуметтік ортаға үйренуін, онда жаңа әлеуметтік мәртебе – оқушы мәртебесінің қалыптасуын қамтамасыз ету;

- оқу, ойын, еңбек, қарым-қатынас, т.б. сияқты әрекет түрлерін қажетті деңгейде меңгеруін дамыту;

- айналадағы дүниеге дара тұлғалық қатынасының қалыптасып, эстетикалық, этикалық, адамгершілік нормаларды меңгеруін жетілдіру;

- білімін әрі қарай жалғастыруға дайындығын сипаттайтын белгілі бір деңгейдегі эрудициясының болуын қамтамасыз ету.

Сонымен, оқытудағы құзырлық білім беру нәтижесі ретіндегі оқыту сапасын қамтама-

сыз етеді, ал ол өз кезегінде кешенді әдіс-тәсілдерді жүзеге асыруды, мектептегі оқыту сапасын бағалаудың біртұтас жүйесін құруды талап етеді.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында Қазақстанда оқытындарды сапалы біліммен қамтамасыз етіп, халықаралық рейтингілердегі білім көрсеткішінің жақсаруы мен қазақстандық білім беру жүйесінің тартымдылығын арттыру үшін, ең алдымен, педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, олардың бүкіл қызметі бойына мансаптық өсуі, оқытылуы және кәсіби біліктілігін дамытуды қамтамасыз ету, сондай-ақ педагогтардың еңбегін мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды арттыру мәселелеріне үлкен мән берілген. Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар мен сындарлы саясаттар, өзгерістер мен жаңалықтар әрбір педагог қауымының ойлауына, өткені мен бүгінгі, келешегі мен болашағы жайлы толғануына, жаңа идеялармен, жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болары анық. Олай болса, білімнің сапалы да саналы түрде берілуі білім беру жүйесіндегі педагогтардың, зиялылар қауымының деңгейіне байланысты. Дәстүрлі білім беру жүйесінде білікті мамандар даярлаушы кәсіби білім беретін оқу орындарының басты мақсаты – мамандықтарды игерту ғана болса, ал қазір әлемдік білім кеңестігіне ене отырып, бәсекеге қабілетті тұлға дайындау үшін адамның құзырлылық қабілетіне сүйену арқылы нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесін ұсыну – қазіргі таңда негізгі өзекті мәселелердің бірі [3].

Құзырлы адам жөнінде Әл-Фараби былай деген: «Беделді адам дегеніміз, егер адам бір мәселе хақында пікір айтса да, оның пікірі даусыз қабылданады және тексеруді қажет етпейді. Тіпті ешқандай фактімен негізделмесе де, оның айтқаны қабылданады. Адам бұл қасиетке ұлғая келе ие болады, өйткені ол жанның бұл бөлшегі ұзақ тәжірибені керек етеді».

Жалпы алғанда «құзырлылық» ұғымы жайлы ғалым К. Құдайбергенова «Құзырлылық ұғымы – соңғы жылдары педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде енгізіліп отырған ұғым» – деп атап өткен [4].

Құзырлықтың латын тілінен аудармасы «компетенс» белгілі сала бойынша жан-жақты хабардар, білгір деген мағынаны қамти оты-

рып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді түрде шешім шығара алады дегенді білдіреді» деп көрсетеді. Бұл жайлы Б. Тұрғанбаева «... өзінің практикалық әрекеті арқылы алған білімдерін өз өмірлік мәселелерін шешуде қолдана алуын – құзырлықтар деп атаймыз» деп анықтаса, Ресей ғалымы Н. Кузьминаның көзқарасы бойынша, «Құзырлық дегеніміз – педагогтың басқа бір адамның дамуына негіз бола алатын білімділігі мен абыройлығы».

Латын тіліндегі «компетенс» сөзін ғалым К. Құдайбергенова «Құзырлықты білімін, біліктілігін, дағдысын, тұлға мінез-құлқын, ең бастысы тұлға мүмкіндігін бағалаудың критерийі мақсатында қарастыру құзырлық маңызын толық аша алады. Олай болса, құзырлық, нәтижеге бағдарланған жаңа білім беру жүйесінің сапалық критерийі ретінде әлеуметтік және өмірлік көзқарастарды есепке алу қажет» деп жазса, Б. Тұрғанбаева «Құзырлыққа бағытталған оқыту үрдісінде тәжірибелік жолмен мәселені шешу мүмкіндігі молаяды. Осы жағдай біліктілікті арттырудағы екінші үлгіге көшірудің негізі бола алады. Өйткені, құзырлыққа бағытталған үлгіде білім алушылардың өздерін ұйымдастыру – басты мақсаты» деп көрсетеді [5].

К. Құдайбергенова «Құзырды әр түрлі кенеттен болған жағдаяттарда мәселелерді шешу үшін қажетті білімді немесе әрекетті көрсете білу қабілеті, білім мен өмірлік жағдаят арасындағы байланысты орнату мүмкіндігі ретінде, ал құзырлықты адамның өзіндік деңгейіне, даралық қасиеттеріне тікелей байланысты тұлғалық, теориялық, тәжірибелік өлшеу дәрежесі жоғары деңгейде кіріктірілген құрылым ретінде қарастыру ұсынылады» деген тоқтам жасайды [4].

Сонымен қатар Қазақстан Республикасының орта білім берудің даму тұжырымдамасында көзделгендей қазіргі мектептер көп қырлы міндеттерді шешу үшін мектеп ұжымдарында әр мұғалім күнделікті ізденіс арқылы жаңалықтар мен өзгерістерге батыл жол ашарлық қарым-қатынас жасау керек. Ол – ақылды адамға ғана тән табиғи қасиет және адамның тіршілік бейнесі мен мәдени өмірінде, тұрмыс салтында күнделікті қажеттіліктерін қанағаттандыратын тұрақты шарт.

Әр күні өзгеріске толы бүгінгі жауапты кезеңде замана көшінен қалып қоймай уақыт талабына сай ертеңгі болашақ жас ұрпақты білімді етіп тәрбиелеу ұстаздарға зор жауапкершілікті жүктейді. Ол мұғалімнен үздіксіз ізде-

нуді, өз білімін үнемі жетілдіріп отыруды талап етеді. Өйткені еліміздің ертеңі жас ұрпақтың қолында. Мұғалімнің шеберлігі мен жетістігі – сапалы білім және жақсы тәрбие алған шәкіртінде. Оқушы шығармашылығын дамыту ісі үздіксіз жүргізіле бермек. Бұл қоғам талабына сай туындайтын қажеттілік.

Міне, осындай қажеттіліктерді қанағаттандыратын тұрақты шарттардың бірі – сөйлеу әрекеті. Болашақ педагог маманның қарым-қатынастық құзырлығы сөйлеу қызметі арқылы қалыптасады. Қарым-қатынастық құзырлық – іс-әрекет барысында түрлі қарым-қатынастық міндеттерді шешу жағдайында сөйлеу әрекетін тиімді жүзеге асыруға даярлығы мен қабілетін көрсететін тұлғаның сипаттамасы. Оның негізін қарым-қатынас құралдары мен тәсілдері, іс-әрекет нормалары мен ережелері, әдептің ерекшеліктері, тұлғааралық байланыстарды орнату заңдары және қарым-қатынастық іскерліктер құрайды. Мұндай қарым-қатынастық құзырлыққа педагогтарды ғана емес, студенттерді де дайындау қажет. Жалпы студенттің алдағы мектептегі педагогикалық еңбек жолында оқушылармен тіл табыса білу шеберлігі, оның сөйлеу әдебін қаншалықты жетік меңгергеніне тікелей байланысты болады. Оқушылармен қарым-қатынас жасауында оның сөйлеу сазы, жауап беру мәнері, бағалаушы пікір айтуды орынды қолдануы, сөйлеуде қолданылатын ілеспелі мимикалар мен ым-ишараттардың сипаты аса маңызды болып табылады.

Бірақ қазіргі жоғары оқу орнында оқитын студенттердің, яғни болашақ педагог мамандардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауларында осы сөйлеу әрекеттерінің даму деңгейлері алаңдаушылық білдіруде. Себебі студенттер оқу үрдісі кезінде көбіне интернет желісіндегі дайын материалдармен ғана шектеледі. Ал өз беттерімен кітап оқуға, жаңаны іздеп табуға, өз білімдерін жан-жақты жетілдіруге, шығармашылық-танымдық қабілеттерін дамытуға деген ұмтылыс жасамайды. Бұл олардың қарым-қатынастық құзырлықтарының өз дәрежесінде болуына, білімді де білікті маман болып шығуларына, сөйлеу тілдерінің толық дамуына кері әсерін тигізеді. Өйткені диалогтық қатынаста, яғни өз ойларын білдіруде сөздік қорларының төмендігі, ой топшылауларының таяздығы олардың жаңа идеялармен, жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болады деп айту қиын. Оны тәжірибелерден өту кез-

дерінде мектеп оқушыларына жаңа оқу материалын түсіндіріп, бала түсінігіне лайықты жеткізе алмауларынан көруге болады. Мұндай студенттер аудитория алдында сөз сөйлеуден қорқады. Бұл олардың алған білімдерін өз өмірлік мәселелерін шешуде қолдана алу құзырлықтарын дамытпайды. Сондықтан олардың бір-бірімен қарым-қатынас жасаулары қарапайым түрде жүреді.

Міне, осындай өзекті мәселелердің бірі – студенттердің болашақ педагог маман ретінде оқушылармен қарым-қатынас жасауларында біраз қиындықтарға кезігулері. Олар:

1. Әңгімені қалай бастауды білмеу.
2. Толық, ұғынықты әрі түсінікті айтып бере алмаймын-ау деген қобалжу, қорқыныш сезім.
3. Қарым-қатынас мақсатындағы педагогикалық қабілеттің төмендігі.
4. Қарым-қатынас жүйесінде бір нәрсені өзгерту қажет деген түсінік, бірақ не екенін білмеу.
5. Жұрт алдында сөйлеуге дағдыланбағандық.
6. Бұрын табиғи болып келген дене қимылының, қозғалыстың, жалпы мінез-құлқының ерсілеу сияқты болып сезілуі, т.б.

Осы келтірілген қиындықтарды шешу үшін ең алдымен студенттің жоғары оқу орнындағы білім алу міндеттерінің бірі – алдағы мектептегі педагогикалық еңбек жолында басқа бір адамның дамуына негіз бола алатын білімділігі мен абыройлығының өз дәрежесінде болу керек екендігін түсінуі.

Бұл әсіресе жоғары оқу орындарында білім алып жүрген болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін дайындау барысында баса назар аударуды қажет ететін өзекті мәселе. Бастауыш білім – үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы. Осы орайда, баланың жеке тұлғасын жан-жақты дамытуда, азамат тұлға ретінде қалыптасуына Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының 41-бабында: «Мұғалім оқушының білім игеру деңгейінің мемлекеттік стандарттан төмен түспеуіне кепіл болуы керек» деп міндеттесе, 8-бабында, «Мемлекеттік стандартты басшылыққа алу арқылы білімділіктің деңгейін, жалпы білім сапасын көтеру – білім беру жүйесінің міндеті» деп шығармашылықпен жұмыс істеуді талап етеді [2].

Сондықтан қоғамдағы елеулі өзгерістер мен адамдар арасындағы қарым-қатынас құралдарының қарыштап дамуына байланысты жаңа адамды қалыптастыру заман талабы.

Бастауыш сынып мұғалімінің ерекшелігі – ол пәннің оқытушысы, әрі тәрбиешісі. Сондықтан да осы жоғарыда айтылған міндеттерді оған білу өте қажет. Себебі, бүгінгі күні мұғалімдердің алдында тұрған басты міндет – оқушылардың сабаққа деген ынтасын арттыра білу, сол арқылы әр тақырыпты олардың санасына жеткізе түсу. Бірақ студенттердің көбі мектепте педагогикалық және өндірістік тәжірибелерінен өту барысында осы айтылған міндеттерді шешуде біраз қиындықтарға ұшырап жатады. Мысалы, «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша оқитын студенттер орта білім беретін қала мектептерінің бастауыш сыныптарында байқау және сынақ сабақтарын өткізеді. Сонда оқушыларға оқу материалын түсіндіруде бала түсінігіне сай сөз байланыстырулары көңілден шықпай жатады. Сабақ барысында оқушылармен қарым-қатынасқа түсуге, туындаған сұрақтардың шешімін тез арада таба білуге, оқушының білімін бағалауға өздерінің сенімсіздіктерін байқатады. Мұғалімдер ұжымымен, оқушылармен, ата-аналармен қарым-қатынас жасауда, белгілі бір педагогикалық, шығармашылық жағдаяттарды шешуде құзырлық деңгейлерінің төмендігі олардың педагог маман ретінде қалыптасу мәселесін шешуді талап етеді. Сондықтан мектептің таяу уақыттарға бағытталған талаптарына сәйкес жоғары оқу орындарында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби даярлығын үнемі жетілдіріп отыру аса қажет. Бұл, түрлі жағдайларда өздігінен шешім қабылдауға мүмкіндігі бар, мәселенің шешу жолын таба білетін, қарым-қатынастық құзырлығы қалыптасқан педагог маман қалыптастыруды көздейді.

Міне, осы қасиеттерді меңгерген мұғалім ғана өзінің даралығын, өзіндігін, өз қабілеттерін, құндылықтарын сезініп, салыстырып, бағалап, болашағын болжамдай алған сәтте ғана, ол өз құзырлығын аша алады.

Қарым-қатынастық құзырлықты меңгеру – бұл педагогтың шартты түрде педагогикалық байланысы бар толып жатқан қарым-қатынастық міндеттерді шешуі.

Педагогикалық қарым-қатынас үрдісінде мұндай міндеттер көптеп туындайды. Оқушыларды материалға қалайша қызықтыруға, әсерлендіруге, сыныпта бірлескен ізденісті және ұжым болып ойластыруды қалайша туғызуға болады? Міне, осындай сұрақтар туындамас үшін ең алдымен әр мұғалімнің өз

бойындағы педагогикалық шеберлігі жоғары деңгейде болуы шарт.

Жалпы мұғалімнің педагогикалық шеберлігі оның кәсіби деңгейімен және оқушылармен, ата-аналармен қалай қарым-қатынасқа түсетіндігімен де сипатталады.

Мұғалімдік қызметтің қиындығы мол. Себебі, ол бір-екі ғана баланы тәрбиелемейді. Ол қабілеті мен бейімділігі, қызығушылығы, мінез-құлқы, түсінігі мен көзқарасы әр деңгейдегі жасөспірімдерді тәрбиелейді, оқытады, біліммен сусындатып, өмірге жолдама береді.

Осыған орай мұғалім еңбегінің ерекшелігі оның баламен үнемі қарым-қатынаста болуымен және рухани араласуымен сипатталады. Сол себепті мұғалімнің жалпы мәдениетінің жоғары дәрежеде болуы оның интеллектуалдық мүмкіндігі, ой-өрісінің кеңдігі, рухани байлығы ұстаздық қызметті тиімді ұйымдастыруға зор ықпал жасайды. Бұл оның жалпы қарым-қатынастық құзырлығының қалыптасуына, оның шеберлік дәрежесінің сапасына, өзін жүзеге асыру тәсілдеріне, әдет машығына, әрекетіне, қабілеттіліктеріне байланысты.

Л.С. Выготский, Б.Н. Ананьев еңбектерінде қарым-қатынасты өмір әрекетінің бір формасы, адам дамуының әлеуметтік жағдайы, жеке адамның қалыптасуының түрткісі деп қарастырды.

А.В. Петровский бойынша қарым-қатынас біріккен іс-әрекет туғызатын, адамдар арасындағы қатынасты дамытатын көп жоспарлы үрдіс.

Р.С. Немов бойынша қарым-қатынас барлық тірі жанға тән, бірақ адамда күрделі формада, саналы түрде болады.

Қарым-қатынасты адамның өмірлік іс-әрекетінің негізгі факторы десек қателеспейміз.

Қарым-қатынас – адамдар арасында бірлескен іс-әрекет қажеттілігін туғызып, байланыс орнататын күрделі процесс: екі немесе одан да көп адамдардың арасындағы танымдық немесе эмоционалды ақпарат, тәжірибе, білімдер, біліктер, дағдылар алмасу. Қарым-қатынас тұлғалар мен топтар дамуының және қалыптасуының қажетті шарты болып табылады.

Қарым-қатынастық құзырлық – бұл мұғалімнің педагогикалық үрдістің барысында адамдармен қарым-қатынас жасауға үйренуі. Қарым-қатынас тәсілдері:

Біріншіден, сөз сөйлеу техникасы, қиымыл, бет құбылысын игере білуден басталады.

Қарым-қатынастық іскерлікті тәрбиелеу үшін, адам ең алдымен басқа адамды түсіне, тани білуі және өзін таныта, түсіндіре білуге үйренуі керек.

Екіншіден, өзінің ой-пікірін, көңіл-күйін, көзқарасын, мақсатын сөйлескен, пікірлескен адамға, ұжымға түсіндіре білуге және оларды да түсінуге үйретуі қажет.

Үшіншіден, адамдармен қарым-қатынас барысында қажет болған жағдайда, бетбұрыс жасау сияқты мүмкіндіктерді басқара білу, оң шешімін таба білу. Осылардың нәтижесінде мұғалімде қарым-қатынас жасауға бейімділігі және ептілігі бар, адамдармен оңай тіл табыса алатын, тез араласа алатын жеке бастың қасиеті қалыптасады.

Жоғарыдағы айтылған теориялық идеяларға сүйене отырып, құзырлық ұғымы: құзырлық – алған білімін пайдалана білу қабілеті; болашақ таңдайтын мамандығына қатысты қабілеттер мен шеберліктерін меңгере білу; әлеуметтік даму деңгейіне сәйкес келетін және қоршаған ортаның әсер ету факторларына төтеп бере алатын тұлғаның интегративті қасиеттер жиынтығы.

Сондықтан қорытындылай келе айтарымыз, қоғамға терең ойлы, өз бетімен дербес шешім қабылдай алатын, өзін-өзі бағалай білуі негізінде өз қабілеттерін жүзеге асыра алатын құзырлы адамдар қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Қазақстан Республикасында 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Астана, 2004. 3-4 б.

2 Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі N 319 Заңы // Егемен Қазақстан. – 2007. – 15 тамыз. – № 254-256.

3 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы: Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығымен бекітілген.

4 Құдайбергенова К. Құзырлық – тұлға дамуының сапалық критеріі // «Білім сапасын бағалаудың мәселелері: әдіснамалық негізі және практикалық нәтижесі» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары, 2008. – 30–32 б.

5 Тұрғынбаева Б.А. Мұғалімнің шығармашылық әлеуметін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: теория және тәжірибе. – Алматы, 2005. – 174-б.

Резюме

В статье рассматриваются различные способы формирования коммуникативной компетенции студентов педагогического вуза, основные проблемы коммуникативной компетенции в образовании. Даны обзор научного материала, соответствующего теме, характеристика структуры коммуникативной компетенции будущих педагогов.

Conclusion

Different ways of formation of pedagogical institute's students' communicative competition in education is observed in this article. The observation of scientific material is suitable to the article's theme. This article gives the characteristics of future teachers' structure of communicative competition.

РУССКОЕ ПРАВОПИСАНИЕ ВЧЕРА, СЕГОДНЯ, ЗАВТРА

Майер В.В.

Становление системы русского правописания прошло свой путь, начиная с реформы Петра I (1708–1710), через изыскания нескольких поколений лингвистов к декретам Советского правительства (1917–1918), и наконец, к первому систематизированному, обязательно для всех своду «Правил русской орфографии и пунктуации» (1956), действующему до сих пор. Однако свод не решал и не решает всех вопросов правописания.

Неполнота «Правил...» 1956 г. в большой степени объясняется изменениями, произошедшими в самом языке: за прошедшее после реформы время язык приобрел множество неологизмов, для написания которых не существует правил, правописание ряда слов на практике существенно изменилось. Например, в современном языке активизировались единицы, стоящие на грани между словом и частью слова; среди них появились такие, как *мини, макси, видео, аудио, медиа, ретро* и др. В «Правилах...» 1956 г. нельзя найти ответ на вопрос, писать ли такие единицы слитно со следующей частью слова или через дефис. Устарели многие рекомендации по употреблению прописных букв. Нуждаются в уточнениях и дополнениях правила пунктуации, отражающие стилистическое многообразие и динамичность современной речи, особенно в массовой печати. Поэтому многие учёные продолжают изучать разные стороны орфографии и пунктуации с целью совершенствования соответствующих правил.

Каковы же особенности сегодняшнего положения в русском правописании? Это положение характеризуется тремя факторами: 1) отсутствием свода правил орфографии и пунктуации, отвечающего потребностям наших дней; 2) снижением уровня грамотности населения, особенно молодёжи; 3) наличием

круга работ в специальной литературе по улучшению правописания. Рассмотрим эти факторы в отдельности.

1. Действующий свод «Правил русской орфографии и пунктуации» устарел и по содержанию, и морально, т.к. создавался полвека тому назад, и, с точки зрения современного человека, имеет достаточно много слабых мест. Одно из самых бедственных явлений в современной орфографии – слитное или раздельное написание наречий, образовавшихся из сочетаний предлога с существительным. Этот тип образования наречий существует в современном языке, отражая потребности общения. Или, например, сложные прилагательные в современном языке – живая и продуктивная категория. Они возникают постоянно, и с таким же постоянством обнаруживаются колебания в слитном написании или через дефис. Не подпадают под существующие правила написания *военно-учебный, военно-полевой, хлебо-булочный*, с одной стороны, и *военно-обязанный, хлебопекарный* – с другой.

1. Нечёткость многих формулировок допускает различное толкование. Например, в своде «Правил...» сказано: «Наименования высших должностей и почётных званий пишутся с прописной буквы». Но встаёт вопрос, какие должности считать «высшими». Круг их необходимо очертить, т.к. создаётся впечатление, что единственным высшим должностным лицом является Президент Российской Федерации (в средствах массовой информации только это наименование употребляется более или менее последовательно).

Пишутся с прописной буквы имена, отчества, псевдонимы, прозвища (*Иван Грозный, Владимир Красное Солнышко*), но ни одно из прозвищ, употребляемых в периодической печати по отношению к современным деятелям,